

**«6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Утемғалиева Насихат Адайхановнаның) «Білім беру дискурсындағы қазіргі академиялық терминология: семантикалануы және
бейімделуі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын</p>	<p>Зерттеу жұмысының бағыты мен мазмұны ғылымды дамыту жөніндегі төмендегі ұлттық жобалар мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді және оларда көзделген мақсат-міндеттерді шешуге өз деңгейінде үлес қоса алады деп санаймыз: Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысы), «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы), «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 727 қаулысы).</p> <p>Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» және 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауларында көтерілген мемлекеттік тілдің орны мен рөлі жөніндегі тұжырымдарын іске асырудың ғылыми-теориялық мәселелерін шешуге септігін тигізетіндігін атап өтеміз.</p> <p>Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытының «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер» және «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» басым бағытының «Білім беру және лингвистика саласындағы өзекті мәселелер» мамандандырылған ғылыми бағыттарына сәйкес. Атап айтқанда, тіл білімінің фонетика, лексикология, терминология, аударматану, лингвомәдениеттану, коммуникативтік, прагматикалық, когнитивтік және компьютерлік лингвистика салаларында тың бағыттардағы зерттеу жұмыстарына ғылыми бастам бола алады.</p>

2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>көрсету)</p> <p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Зерттеу жұмысының нәтижелері тіл білімінің, ең алдымен, терминология саласына елеулі үлес қосатындығы сөзсіз. Бұл пікірімізге зерттеуде білім беру кеңістігіндегі терминологиялық жүйені қарастыру, оның ішінде академиялық терминологияның жасалу жолдары, лексикографиялық дереккөздерде берілу, семантикалану үдерісі, ұлттық тілдегі көрінісі және т.б. мәселелердің шешілуі дәлел бола алады.</p> <p>Зерттеуде ұсынылған ғылыми қорытындылар мен тұжырымдардың ғылыми маңыздылығы толыққанды ашылған: қазіргі қазақ білім беру дискурсында кеңінен қолданылатын академиялық терминдердің этимологиялық шығу төркіні, семантикалық даму үдерісі және т.б. терең тілдік түйсік негізінде талданған.</p> <p>Жұмыста нысан ретінде алынған академиялық терминдердің тілдік және экстралингвистикалық табиғатын ашумен қатар жалпы қазақ тілінің терминологиялық қорын қалыптастыру мен оның әлеуетін арттыру, қолданыстық аясын жүйелеу мен кеңейту, олардың семантикалану және бейімделу механизмдерін айқындау, кірме терминдердің қолданысын бірізділікке түсіру және т.б. мәселелерге қатысты ғылыми тұжырымдар жасалған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Диссертациялық жұмыс терминолог ғалымдармен қатар, басқа ғылым салалары мамандарының да, сондай-ақ жалпы ғылыми терминологияға қызығушылық танытқан көпшіліктің түсінуіне жеңіл, жатық әрі ғылыми стильдің талаптарына сай жоғары деңгейде жазылған. Диссертанттың сөзсаптамынан жұмысты нақты оның өзі орындағаны айқын көрінеді. Бұл сөзімізді жұмысты жазу барысында ізденушінің сілтеме келтіру әдебі, мәселелерді бір-бірімен жеңіл ұштастыруы, ұстанымдары мен пікірлерін нақты әрі ғылыми тұрғыда негіздеуі дәлелдейді.</p> <p>Диссертацияда зерттеу тақырыбына қатысты шетелдік және отандық көрнекті ғалымдардың көзқарастары мен ұстанымдары толық қамтылып, әрбір сілтемеге өзіндік тұжырым жасалған. Сонымен қатар академиялық терминологияның қатыптасуы мен дамуына терең талдау жасалып, олардың лексикографиялық дереккөздерде берілуіне толыққанды статистикалық талдау жүргізілген. Диссертанттың жоғары оқу орындарында қолданылатын академиялық терминдердің ұлттық тілдің заңдылықтарына сай бейімделуіне қатысты ой-тұжырымдары мен пайымдауларын, яғни олардың құрамындағы жат дыбыстардың қазақ тілінің төл дыбыстарымен айтылуы, сөз ішінде екі немесе одан да көп</p>

			дауысты (сондай-ақ дауыссыз) дыбыстардың тіркеспеуі, яғни сингармонизм заңының сақталуы және т.б. жайттарға баса назар аударғандығын ерекше атап өткен орынды.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Қазіргі қазақ терминологиясы теориялық тұрғыдан барынша зерттеліп, тіл білімінің дербес бір тармағы ретінде ғылыми негізі қалыптасты дегенімізбен, әртүрлі ғылым салаларының терминологиялық жүйесін реттеу мен жүйелеуде әлі де шешімін таппаған мәселелер баршылық. Осы тұрғыдан диссертант академиялық терминологияны біріздендіру мына жайттарға байланысты деп нақты әрі дұрыс көрсетеді: қазіргі ғылым мен технологияның дамуына байланысты тілімізге аталмыш сала терминдері көптеп еніп отырғандықтан, жоғары оқу орындарында қазіргі заманғы озық технологияларды тиімді қолдану, әлемнің жетекші оқу орындарымен ғылыми ынтымақтастық орнату үшін педагогикалық басқару-ұйымдастыру, оқу-тәрбие үдерісінде қолданылатын терминдердің жасалуын, статистикасын, прагматикалық ерекшеліктерін айқындау қажет. Сонымен қатар ізденуші білім беру саласына шет тілдерден еніп жатқан терминдерді қазақ тілінің заңдылығына бейімдеу мәселесін жұмыстың өзектілігі ретінде атайды. Қорыта айтқанда, жұмыстың өзектілігі берік ғылыми-теориялық тұрғыда негізделген және зерттеуде көтерілген мәселелердің тіл білімі үшін ғана емес, қоғамның маңызы зор саласының бірі – білім беру ісінде өзекті екендігі ақиқат.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны, тараулары мен тақырыпшалары оның жалпы тақырыбын толықтай әрі жан-жақты ашады. Диссертацияда қолданылған негізгі терминдерге нақты, барынша толық анықтама беріліп, қысқартулар мен белгілеулер көрсетілген. Жұмыстың кіріспесінде оның жалпы сипаттамасы, өзектілігі, нысаны, пәні, мақсат-міндеттері, дереккөздері, әдіс-тәсілдер, әдіснамасы, теориялық және практикалық құндылығы мен маңыздылығы, ғылыми жаңалығы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдары, талқылануы мен мақұлданыуы жеткілікті көлемде әрі ғылыми негізде баяндалған.</p> <p>Бірінші тарауда отандық және шетелдік терминологиялық зерттеулердің ғылыми-теориялық және практикалық негізі, академиялық терминдердің қалыптасуы және даму үдерісі, екінші тарауда латын тіліндегі академиялық терминдердің ұлттық тілдегі көрінісі, академиялық терминдердің лексикографиялық дереккөздерде түзілуі, үшінші тарауда олардың семантикалану үдерісі және компоненттік құрылымы, жасалу жолдары, қолданысқа бейімделу ерекшеліктері қарастырылған.</p>

		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Диссертациялық зерттеуде еліміздегі жоғары оқу орындарында білім беру ісінде қолданылатын академиялық терминдердің семантикалануы мен олардың қазақ тілінің ерекшеліктеріне сәйкес бейімделуін қарастыру негізгі мақсат ретінде алынған және бұл мақсат жұмыстың тақырыбымен сәйкес келіп, оның толыққанды ашылуына басты себеп болған.</p> <p>Осындай күрделі мақсатқа қол жеткізу үшін білім беру дискурсындағы қазіргі қазақ тіліне бейімделіп қолданыла бастаған терминдердің ерекшеліктерін сипаттау; академиялық терминдердің білім беру ісіндегі қарым-қатынас жағдайында қолданылу сипатын көрсету; академиялық терминологияның семантикалану процесін талдау, аталған мәселенің негізінде тілдік бірліктерді компоненттік құрылымдарға топтастыру; академиялық терминдердің лексика-семантикалық үдерістер (көпмағыналық, омонимия, синонимия, антонимия) нәтижесінде түрлену механизмдерін саралау сияқты нақты әрі күрделі міндеттер қойылған және тілдік материалды тиімді әдіс-тәсілдер арқылы жан-жақты талдау негізінде толық шешімін тапқан.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Жұмыстың құрылымы PhD диссертацияларға қойылатын талаптарға сай әрі мазмұны жүйелі құрылған, орындалу сапасы жоғары.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың тараулары мен олардың бөліктері бір-бірімен қисынды түрде, сабақтаса байланысқан. Атап айтқанда: «Білім беру кеңістігіндегі терминологиялық жүйе» деп аталатын алғашқы тараудың мазмұнын ашу үшін отандық және шетелдік терминологиялық зерттеулердің ғылыми-теориялық және практикалық негізі талданып, академиялық терминдердің қалыптасуы және даму үдерісі мәселелері бір-бірімен тығыз байланыста шешімін тапқан. «Жоғары оқу орындары білім беру дискурсындағы академиялық терминологияның ұлттық тілдегі бейімделуі» тарауында латын тіліндегі академиялық терминдердің ұлттық тілдегі көрініс қарастырылып, академиялық терминдердің лексикографиялық дереккөздерде түзілуінің ғылыми-практикалық қырларына талдау жасалған. «Жоғары оқу орындары білім беру дискурсындағы академиялық терминологияның семантикалану үдерісі» атты тараудың да ішкі бірлігі логикалық тұрғыда толық байланысқан деп айта аламыз: академиялық терминдердің семантикалану үдерісі және компоненттік құрылымы, жасалу жолдары мен қолданысқа бейімделуі өзара тығыз байланыстағы мәселелер деп санаймыз.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан</p>	<p>Ізденуші ұсынған тұжырымдары мен пайымдауларын тілдік материалдарды терең талдай отырып, нақты әрі дәйекті дәлелдеген.</p>

		<p>белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Зерттеу барысында диссертант жасаған сыни талдаулар жаңа шешімдер мен ұсынымдар жасауға алып келген. Әрине мұндай талдаулар барысында тақырыпқа қатысты басқа авторлардың пікірлері де ескерілген: олар салыстырыла талданып, зерттеуші тарапынан нақтылана түскен, толықтырылған немесе оларға сын айтылған.</p> <p>Диссертацияда терминологияның жалпы мәселелерін қарастыру барысында шетелдік және отандық тіл біліміндегі зерттеулерге жасалған шолуда баяндау, жүйелеу әдістері, академиялық терминдердің табиғатын ашу мақсатында жинау, топтау, сұрыптау сияқты әдіс-тәсілдер, сондай-ақ олардың семантикалық, морфологиялық, аналитикалық тәсілдермен жасалу жолдарын анықтауда құрлымдық сипаттау әдісі қолданылған. Диссертациялық жұмыстың тағы бір жетістігі ретінде сауалнама жүргізу және сандық талдау әдісі қолданылғандығын, сонымен қатар PRAAT компьютерлік бағдарламасының көмегімен жасалған эксперименттік әдісті ерекше атап өтуге болады. Бұл аталған әдіс-тәсілдер қазіргі тіл ғылымында қалыптасқан негізгі ұстанымдар мен терминологияның мәдени-тарихи даму үрдісін айқындауда өз үлесін қосады деп есептейміз.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелердің жаңалық деңгейін жоғары деп көрсетуге болады. Жұмыстың ең басты ғылыми құндылығы ретінде білім беру кеңістігіндегі академиялық терминологияның семантикалануы мен бейімделуінің қазақ тіл білімінде алғаш рет кешенді зерттелуін атаймыз. Диссертациялық жұмыстың басты ғылыми жаңалықтары деп мыналарды айтуға болады: 1) «академиялық терминология» тіркесі алғаш рет қолданылып, терминологиялық бірлік ретінде саналып, анықтамасы берілген; сондықтан бұл жаңалықты жаңа деуге болады; 2) академиялық терминдердің семантикалануының анықталуы; олардың компоненттік құрылымының талдануы алғаш рет жасалып отырғандықтан, бұл жаңалықтың деңгейін де жоғары бағалаймыз; 3) академиялық терминдердің бейімделу ерекшеліктері қазақ тіл білімінде алғаш сипатталып отыр; 4) академиялық терминдердің түрлі сөздіктерде берілу жолдары көрсетіліп, статистикалық сараптама жасалған, яғни бұл жаңалықты да жаңа деп санаймыз; 5) келесі жаңалық ретінде академиялық терминдер жиынтығының мобильді қосымшасының жасалуы ұсынылған; бұл тіл біліміндегі терминология саласына ғана емес, мемлекеттік тілді компьютерлендіру, яғни тіл білімін цифрландыру ісіне қосылған жаңалық деп есептейміз.</p>
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа	Зерттеу нәтижесінде жасалған қорытындылар жаңа болып табылады. Бұл

		<p>болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>пікірімізді төмендегі пайымдаулармен дәйектейміз:</p> <p>1) «Академиялық терминология жалпы терминологиялық парадигманың дербес тармағын құрай отырып, білім беру саласы дискурсына ғана тән бірқатар ерекшеліктерді алға тартады. Академиялық терминдерде соңғы жылдардағы тек ауызекі сөйлеу немесе әлеуметтік желі, баспасөз, телеарна сияқты платформалардағы қолданыстық ерекшеліктерге тән айтылымдық бейімделу ерекшеліктері қалыптаса бастады. Яғни тілдік айтылымда білім беру терминдерінің функционалдық ерекшеліктеріне сай семантикалық бейімделу үдерісінің қалыптасу механизмдерін қарастыру қажеттілігі анық байқалады.» деген бірінші қорытынды тілдік материалды терең зерделей отырып жасалған тың тұжырым деуге болады.</p> <p>2) «Академиялық терминология институт, университет қабырғаларында, ғылыми-зерттеу және білім беру орталықтарында, яғни білім беру саласында қолданылады. Академиялық дискурс – университеттердің құрылымдық жүйесінде және қарым-қатынас жағдайында көрінетін қатысушылардың вербалды коммуникациясының жемісі.» деп тұжырымдалған қорытынды жалпы логикалық ойқорыту нәтижесінде жасалған, сондықтан бұл қорытындының деңгейін де жаңа деп есептейміз.</p> <p>3) Білім беру дискурсындағы академиялық терминологияның семантикалану принциптерін сөйлеудегі бейімделу үдерісімен байланысты екендігін көрсететін тұжырымның деңгейі де жаңа.</p> <p>4) Тілдік материалды терең талдау барысында жасалған төртінші қорытындыны зерттеу жұмысының негізгі теориялық тұрғыдан ең құнды тұстарының бірі ретінде атауға болады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу нәтижесінде ұсынылған шешімдер мен жасалған тұжырымдардың деңгейі жаңа деп есептеледі. Сонымен қатар диссертациялық жұмыстың жаңалығы ретінде ұсынылған академиялық терминдер сөздігінің мобильді қосымшасы тіл білімінде көп кездесе бермейтін техникалық, технологиялық шешімдердің біріне жатады және экономикалық тұрғыдан оң әсерін күтуге болады: бұл қосымшаны түрлі әлеуметтік топтардың өкілдері (жоғары оқу орындарының қызметкерлері, студенттер, магистранттан, докторанттар, тілші ғалымдар және т.б.) әртүрлі басқару, ғылыми, білім беру және т.б. қызметтерде тиімді пайдалана алады деп санаймыз.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыста ұсынылған тұжырымдар мен қорытындылардың нақты дереккөздерден алынған шынайы деректермен ғылыми тұрғыда жоғары деңгейде дәйектелуі олардың ауқымды дәлелдемелермен негізделгендігін дәлелдейді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертант зерттеуден алынған нәтижелер негізінде мынадай қағидаттар ұсынады:</p> <p>1) Тіл білімі саласында алғаш рет «академиялық терминология» тіркесі қолданылып, терминологиялық бірлік ретінде теориялық тұрғыда анықтама берілді; латын тіліндегі академиялық терминдердің ұлттық тілдегі көрінісіне толық сипаттама берілді.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1)</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2)</p> <p>7.3 Иә, жаңа (3)</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең. Талдаулар мен тұжырымдар нәтижелерін тіл білімі салаларында, білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болады.</p> <p>7.5 Иә. Мына мақалаларда дәлелденген: 1) The Latin Language is a Source of Academic Terminology in Education // VI Международная научная междисциплинарная конференция «Функциональные аспекты межкультурной коммуникации и проблемы перевода». – Москва, 2019. – 280-295 бб.; The formation of modern academic terminology // V Халықаралық Фараби оқулары. Студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 233 б.); The formation and development of academic terminology // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Журналистика сериясы, №1 (55). – Алматы, 2020. – 54-63 бб.; Академические термины как разряд специальной лексики // VI Халықаралық Фараби оқулары. Студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 354 б.; «Термин» ұғымының анықтамасы туралы // XXIII «Аханов оқулары» аясында әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына арналған «әл-Фараби философиясы: мәдениет, тіл және әдебиет» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік workshop. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 213-217 бб</p> <p>2) Болон үдерісі әсерінен енген академиялық терминдердің семантикалануы анықталды; жоғары оқу орындарындағы академиялық</p>

			<p>терминдердің компоненттік құрылымы талданды.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1)</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2)</p> <p>7.3 Иә, жаңа (3)</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең. Тұжырымдар мен алынған нәтижелерді білім беру және тіл білімі салаларында кеңінен қолдануға болады.</p> <p>7.5 Иә. Мына мақалаларда дәлелденген: 1) Academic terms of the Bologna process // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы, №2 (174). – Алматы, 2019. – 190-198 бб.; Қазіргі білім беру жүйесі академиялық терминдерінің түсіндірмесі // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, №5 (120). – Астана, 2017. – 608-610 бб.; The Structure and System of Terms Used in Higher Education. // «Тәуелсіз Қазақстан әлемдік ғылыми-зерттеу кеңістігінде» халықаралық конференция материалдары жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – С. 34-40.; ЖОО-дағы терминдердің лексика-семантикалық топтастырылуы // «Байтұрсынов оқулары – 2019» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Қостанай, 2019. – 115-120 бб</p> <p>3) Болон үдерісі әсерінен енген академиялық терминдердің бейімделу ерекшеліктері анықталды.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1)</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2)</p> <p>7.3 Иә, жаңа (3)</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін білім беру жүйесінде, тіл білімі салаларында кеңінен қолдануға болады.</p> <p>7.5 Иә. Мына мақалаларда дәлелденген: 1) ЖОО-да қазіргі білім берудегі терминология жүйесі // VII Халықаралық Фараби оқулары. Студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 140 б.; Қазақстандық білім беру дискурсындағы академиялық терминдердің бейімделуі. // XV International Scientific and Practical Conference. Global Science and Innovation 2021: Central Asia. № 4 (15) – Нур-Сұлтан, 2021. – С. 34-40.</p> <p>4) Академиялық терминдердің қазақ тілді сөздіктерде түзілуін анықтау, терминдердің түрлі сөздіктерде берілу жолдарын көрсетіп, статистикалық сараптама жасалды.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1)</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2)</p>
--	--	--	--

			<p>7.3 Иә, жаңа (3)</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кен. Алынған нәтижелер мен тұжырымдарды білім беру және тіл білімі салаларында кеңінен қолдануға болады.</p> <p>7.5 Иә. Мына мақалаларда дәлелденген: 1) Academic Terms in Lexicographic Works // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал, №5 (63). – Астана, 2018. – 250-255 бб.; Academic terminology in modern educational discourse // XXI «Аханов оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 86-87 бб.</p> <p>5) Академиялық терминдер жиынтығының мобильді қосымшасы ұсынылды.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген (1)</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2)</p> <p>7.3 Иә, жаңа (3)</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кен. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін білім беру жүйесінде кеңінен қолдануға болады.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кен. Талдау мен тұжырымдар нәтижелерін білім беру жүйесінде, тіл білімі және IT-технология салаларында кеңінен қолдануға болады.</p> <p>7.5 Иә. Мына мақалаларда дәлелденген: 1) Innovation in Audiovisual Translation: from Reproduction to Perception of Texts with Academic Terms // XLinguae European Scientific Language Journal. Volume 15, Issue 2. – Nitra, 2022. – P. 121-129. DOI: 10.18355/XL.2022.15.02.09.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	<p>Диссертациялық зерттеудің әдіснамасы дұрыс әрі негізді түрде тандалып, зерттеу барысында мақсатты түрде қолданылған. Зерттеуде терминдерді жинақтау, топтау, сұрыптау әдістері, олардың жасалуына қатысты ғылыми құрылымдық сипаттама және салыстырмалы әдістер, сондай-ақ сауалнама және эксперименттік әдіс нақты қорытындылар алуда дәйекті әрі тиімді қолданылған.</p> <p>Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде алынған отандық және шетелдік зерттеушілердің жалпы терминология саласы бойынша теориялық тұжырымдары өз нәтижесін берген.</p> <p>Жұмыста қолданылған әдіс-тәсілдер білім беру жүйесіндегі қазақ терминологиясының белгілі бір кезеңдегі (Болон жүйесіне дейінгі және Болон жүйесіне енгеннен кейінгі) қолданылуын, дамуын, ерекшеліктерін көрсетіп қана қоймай, жалпы терминология жүйесінің орнын белгілеуге, пайда болу немесе жойылу себептерін айқындауға жол ашқан.</p>

			<p>Диссертацияда 2017, 2018, 2019 және 2020 жылдары жүргізілген сауалнама негізінде қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі, философия, педагогика және психологияға байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі, қазақша түсіндірме терминологиялық сөздік, психологиялық-педагогикалық сөздік, қазақ әдеби тілінің сөздігі тәрізді ғылыми-теориялық әрі қолданбалы-практикалық негізі мығым лексикографиялық дереккөздерде академиялық терминдердің берілуі (немесе берілмеуі), қолданылу жиілігі көрсетіліп, мағыналарының семантикалануы кеңінен ашылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынғандығына мына екі жағдай дәлел бола алады: 1) «Академиялық терминдер сөздігі» мобильді қосымшасы ұсынылған (https://apps.apple.com/us/app/академиялық-терминдер/id1645797355); 2) PRAAT компьютерлік бағдарламасымен эксперименттік әдіс негізінде академиялық терминдердің бейімделуінің ерекшеліктері айқындалған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияда зерттеу нәтижесінде алынған теориялық қорытындылар мен тұжырымдар нақты тілдік материалдарды талдау негізінде шетелдік және отандық ғалымдардың пікірлері басшылыққа алына отырып дәлелденген. Мысалы, отандық ғалымдардың терминология бойынша жазған еңбектері, терминге тән қасиеттер, сипаттары, белгілері, жіктелуі, қазақ лексикасының терминдену кезеңдері, сондай-ақ латын тіліндегі академиялық терминдердің қазақ тіліне ену жолдары, олардың қазақ тіліндегі көрінісі мен жарыспа қолданылуы, қазақ тілі сөздіктерінде түзілуі, лексика-семантикалық топтарға бөлінісі және компоненттік пайыздық көрсеткіші және т.б. кестелер, суреттер түрінде берілген. Зерттеудің негізінде академиялық терминдердің лексика-семантикалық жағынан топтастырылуы мен олардың шартты түрде оқу-ісіне, ғылымға, тәрбие жұмысына, халықаралық қатынастарға, лауазымдарға байланысты қолданылатын академиялық терминдер деп бөлінуі ізденушінің ғылыми-практикалық қабілетінің жоғары екендігін көрсетеді. Жұмыста академиялық терминдердің бейімделу ерекшеліктеріне (екпінге және дыбысталуына байланысты) жасалған эксперимент сәтті шыққандығын оның нәтижесінде алынған осциллограммалар дәлелдейді. Зерттеу барысында ұсынылған «Академиялық терминдердің түсіндірме сөздігінің» мобильді қосымшасы цифрлық дәуірде ғылымның дамуына</p>

			<p>үлкен үлес қосатын заманға сай зерттеудің тың нәтижесі деп білеміз. PRAAT компьютерлік бағдарламасын қолдану арқылы академиялық терминдерінің (<i>силлабус, мидтерм, мониторинг</i>) бейімделу ерекшеліктері (созылмалығы, қарқындылығы, тон қозғалысы) анықталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Зерттеу жұмысында жасалған маңызды мәлімдемелер мен деректер тақырыпқа тікелей қатысты нақты әрі сенімді ғылыми дереккөздерден алынған сілтемелермен расталған. Мысалы, О.Вюстер, Х.Фельбер, Х.Пихт, Г.Рондо, А.Рей, Дж.К.Сейгер, М.Т.Кабре, Дж.Пирсон, Х.Сомерс, О.С.Ахманова, А.А.Реформатский, В.М.Лейчик, В.П.Даниленко, Т.Л.Канделаки, А.В.Суперанская, Б.Н.Головин, Р.А.Будагов, Э.А.Натансон, Я.А.Климовицкий, С.В.Гринев, С.Д.Шелов, С.В.Гринев-Гриневич, К.Я.Авербух, А.Н.Баранов, М.Н.Володина, Е.И.Голованова, З.И.Комарова, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Т.Шонанұлы, Н.Төрекұлұлы, Қ.Жұбанов, І.Кенесбаев, Т.Жанұзақов, Н.Сауранбаев, Ә.Қайдаров, Ө.Айтбаев, Р.Өрекенова, Ш.Құрманбайұлы, Е.Әбдірәсілов, Қ.Айдарбек, А.Азаматова, А.Қоңырова, А.Мустафаева, А.Ахметбекова, А.Баекеева және т.б. ғылыми еңбектеріндегі теориялық алғышарттар диссертацияда көтерілген мәселелерді ашуға септігін тигізген. Осы ретте дереккөз ретінде негізінен соңғы кездері жарияланған шетелдік және отандық ғылыми зерттеу еңбектері алынғандығын баса айтамыз.</p> <p>Сонымен қатар зерттеуде талданған тілдік материалдар белгілі сөздіктерден (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 1-15-тт. – Алматы, 2011; Психологиялық-педагогикалық сөздік. – Алматы, 2011; Педагогика: қазақша және орысша түсіндірме терминологиялық сөздік / жалпы ред. басқ. Ш.К. Беркімбаева, А.Қ. Құсайынов. – Алматы: ROND&A, 2007. – 248 б.; Психологиялық-педагогикалық сөздік. – Алматы: Арыс, 2011. – 224 б. Философия, педагогика және психологияға байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі / А. Құралұлы – Алматы: Өнер, 2006. – 40 б.; Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі / жалпы ред. басқ. А.Қ. Құсайынов. – Алматы: Мектеп, 2002. – 256 б.) алынып, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ресми құжаттары: академиялық саясат, академиялық күнтізбе, жеке жұмыс жоспары, ғылыми зерттеу тәжірибе бағдарламасы, кешенді емтихан бағдарламасы және т.б. қолданылған, сонымен қатар зерттеуде бірнеше ғаламтор ресурстары пайдаланылған.</p>

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста шетелдік және отандық ғалымдардың 179 ғылыми еңбегіне (монографиялар, мақалалар, диссертациялық жұмыстар) сілтеме жасалған. Бұл пайдаланылған әдебиеттер санының зерттеудің ғылыми-теориялық және колданбалы-практикалық іргетасының дәйекті екендігін айғақтайды.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Ғылыми зерттеу жұмысының теориялық маңызын жоғары бағалауға мына жайттар негіз болады: біріншіден, зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер қазақ терминологиясының ғылыми-теориялық мәселелерін шешуге, екіншіден, лексикология, фонетика, аударматану, коммуникативтік және прагматикалық лингвистика, лингвомәдениеттану және когнитивтік лингвистика, компьютерлік лингвистика салаларының жетістіктерін ары қарай толықтырып, жетілдіруге үлес қосады деп санаймыз. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер, қорытындылар мен тұжырымдар нақтылығымен, шынайылығымен және диссертанттың ғылыми көзқарасының тиянақтылығымен ерекшеленеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеудің практикалық маңызын, соған сәйкес алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігін жоғары бағалаймыз. Жұмыста жасалған тұжырымдар мен қорытындылар, талданған тілдік материалдар білім беру саласының академиялық терминологиясын біріздендіруге негіз болумен қатар, жоғары оқу орындарында оқытылатын «Академиялық дискурс», «Жалпы лингвистика: құрылым және семантика» және т.б. арнаулы курстарда дәріс оқу мен практикалық сабақтарда пайдалануға, әртүрлі сөздіктер (терминологиялық, түсіндірме, энциклопедиялық және т.б.) құрастыруға негіз болады. Құрастырылған мобильді «Академиялық терминдер сөздігі» қосымшасы қазақ тілін үйренушілер мен үйретушілердің қажетін қанағаттандыратын тиімді инновациялық-технологиялық құрал бола алады деп есептейміз. Сонымен қатар диссертацияның қосымшасында академиялық терминдердің қазақ тілінің бес сөздігінде қамтылу сипаты мен олардың анықтамасының берілуі жұмыстың практикалық құндылығын арттыра түседі.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Зерттеу нәтижесінде жасалған практикалық ұсыныстардың деңгейін толығымен жаңа деп санаймыз. Бұған себеп, біріншіден, қазақ терминологиясында академиялық терминдер алғаш рет жинақталып, олардың анықтамасы, статистикасы беріліп отыр, екіншіден, эксперименттік зерттеу негізінде академиялық терминдерді қазақ тіліне

		3) жана емес (25% кем жана болып табылады)	бейімдеудің жолдары ұсынылған, үшіншіден, құрастырылған «Академиялық терминдер сөздігі» мобилді қосымшасы аталған саладағы терминдерді меңгерумен мен меңгертуге, сондай-ақ қазақ тілін компьютерлендіру ісіне қосылған үлес саналады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы деңгейінің жоғары екендігін оның жалпы тілдік (құрылымдық, орфографиялық), оның ішінде стилистикалық (ғылыми стиль) нормаларына сай жазылғандығымен негіздеуге болады. Сонымен қатар докторлық диссертацияның техникалық жағынан рәсімделуі мемлекеттік стандарттар қоятын талаптарға сай келетіндігін атап өтеміз.

«6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін дайындалған Утемғалиева Насихат Адайхановнаның «Білім беру дискурсындағы қазіргі академиялық терминология: семантикалануы және бейімделуі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын өзектілігі өткір, мақсат-міндеттері айқын, ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызы жоғары зерттеу ретінде бағалай отырып, еңбектің авторы философия докторы PhD дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.

Ресми рецензент:

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Терминология орталығының жетекшісі, доцент,
филология ғылымдарының кандидаты



Handwritten signature in blue ink.

С. Құлманов

(ғылыми)
 ғылым қызметкері
 «А. Байтұрсынұлы атындағы
 Тіл білімі институты» РМҚ
 ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ,
 ҚҰЖАТТАМАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ
 ЕТУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ БӨЛІМІНІҢ ЖЕТЕКШІСІ:
 «06» 04 2023 ж.
Handwritten signature in blue ink.